

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл басынан бері БЖЗК салымшыларына 16,5 миллионнан астам қызмет көрсетілді

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2022 жылдың басынан бері салымшылар мен алушыларға **16,5 миллионнан астам қызмет** көрсетті. Оның ішінде **11,3 млн-нан** астам операция электрондық форматта, **4 млн-нан** астамы – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің **93%** қашықтан алды.

БЖЗК салымшылары бір-екі батырманы басып-ақ жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗК-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскенде БЖЗК ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер арқылы сәйкестендіріледі. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗК мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, Қор салымшыларына 4 миллионнан астам қызмет автоматты түрде көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗК кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көз жүгінуді әлі күнге дейін жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗК бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде **727,2 мыңдай қызмет** көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін enpf.kz сайты немесе БЖЗК мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

Көшпелі қызмет көрсету барысында шамамен **34,1 мың операция** жүргізілді. Қордың мұндай қызмет көрсету түрі, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (мерзімсіз мүгедектігі бар 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер) салымшыларға (алушылар) арналған.

«БЖЗК» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 347 пошта бөлімшесінде **5,6 мыңнан астам қызмет** көрсетілді.

БЖЗК сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен **455,6 мыңнан астам өтініш** өңделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласып, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот арқылы, БЖЗК-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).